

"Азия дауысы" конкурсына қатысушыларды көтермелеу үшін қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 30 шілде N 361

Жыл сайын ТМД елдері мен алыс шетел жетекші әншілерінің қатысуымен кең танымал әуендер мен әндердің "Азия дауысы" халықаралық конкурсының, сондай-ақ "Азия дауысы" конкурсының шеңберінде республика композиторларының шығармашылығын насихаттау үшін Қазақстан эстрадасы күнінің өткізілуіне байланысты және конкурстың халықаралық көлемде танымалдығы артуын ескере отырып:

1. Халықаралық "Азия дауысы" конкурсына қатысушыларды көтермелеу үшін 7 / жеті/ мың АҚШ долларына баламды мөлшердегі Қазақстан Республикасы Президентінің Жүлдесі мен 1 /бір/ мың АҚШ долларына баламды мөлшердегі Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің 6 Жүлдесі ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі көрсетілген соманы 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің 201-ші "Мәдениет" тармағы бойынша орталықтандырылған шаралар үшін көзделген қаражаттар есебінен жүлделерді ұйымдастыруға бөлсін.

3. Көрсетілген жүлделерді алған адамдарға салық салу "Салық

және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі Заң күші бар Жарлығының 34-бабының 5-тармағындағы 6-тармақшаға сәйкес жүзеге асырылады деп белгіленсін.

4. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министрдің
орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК